


«БЕКІТЕМІН»

С. Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті
Басқарма төрағасы, профессор
А.Қ. Күрішбаев



**«С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-НЫҢ
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ҚАТЫСТЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2015

Мазмұны

Кіріспе

I. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.....	4
II. Ұжымда жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру.....	4
2.1 Ұжымның барлық тобын жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту.....	4
2.2 Жемқорлыққа қарсы жастар ұйымдарымен әрекет ету.....	5
III. Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар мазмұны.....	6

Қорытынды

Кіріспе

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамыз үлес қосатын, ортақ іс. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей: «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып, жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады».

Бүгінгі қоғамда жемқорлықтың немесе паракорлықтың мемлекеттің, елдің имиджіне, экономикалық өсуіне кері әсер ететін құбылыс екендігін әрбір азамат түсіне білуі керек. Әрбір ұжым, әрбір азамат бұл мәселені жауапкершілікпен өз қолына алуы тиіс. Сондықтан жемқорлықпен күресу – баршаның ортақ парызы, абыройлы міндеті.

Осыған орай, жемқорлыққа қарсы және жемқорлықтың алдын алуы үшін мемлекет деңгейінде мақсатты іс-шаралар жоспарланып, жан-жақты қимыл жасалуда.

Бұл бағытта «Нұр Отан» партиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама қоғам мен мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күш-қуатын жұмылдыруға бағытталған саяси құжат болып табылады.

Бағдарламада жемқорлықты түбірімен жою үшін, «отбасында және қоғамда қанағатшылықтың (сұраныста ұстамдылық пен қарапайымдылық, басы артық нәрседен бас тарта білетін парасат пен табандылық), жан байлығын дүние-мүліктен жоғары қоюдың дәстүрлі халықтық қасиеттерін дәріптеп, әрбір ата-ана, әрбір ұстаз балалар үшін лайықты үлгі болуға, нағыз қастерлі қасиеттерді таңдауға көмектесуі тиіс» деп, маңызды міндеттер жүктейді.

Себебі өскелең ұрпақ тәрбиесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруда түбегейлі маңызды рөл атқарады. Тек ерте жастан бастап мінез-құлықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратындай етіп қалыптау осы әлеуметтік кесепатты жоюға мүмкіндік береді.

I. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның мақсаты – ұжымда жемқорлықтың кез келген көрінісіне қарсы иммунитетті қалыптастыру арқылы әрбір азаматты жемқорлықсыз қоғам қозғалысына үлес қосуға, жемқорлықсыз орта құру арқылы оқу орнының қалыптасқан беделін сақтауға тарту.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттердің шешілуі талап етіледі:

- ұжымда жемқорлықтың кез келген көрінісіне «нөлдік» төзімділік ахуалын қалыптастыру;
- жемқорлықтың пайда болу себептерін зерттеу және алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- білім беру үдерісіне және басқару ұйымдарының жұмысына қоғамдық бақылауды күшейту;
- білімгерлердің заңды мүдделері мен еркіндіктерін, құқықтарын жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету;
- дамыған мемлекеттердегі оқу орындарының жемқорлықсыз орта қалыптастыруға бағытталған озық үлгілерін, жаңашылдығын енгізе отырып, оқу үдерісінде жемқорлық әрекеттерді болдырмаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру, оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін материалдық базамен қамтамасыз ету.

II. Оқу орнында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптасыру

2.1 Ұжымды жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту

Оқу орнымыздағы профессор-оқытушылар қауымы, қызметкерлер оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыратын, өнегелі-эстетикалық мәдениетті қалыптастырушы және ұжымның абыройын асқақтатушы негізгі тұлғалары болып саналады.

Сондықтан ҚазАТУ-дың әрбір оқытушысы және қызметкері өз қызметінің жауапкершілігін сезініп, этикалық-моральдық нормаларды сақтай отырып, университет имиджінің нығаюы мен мәртебесінің артуына өз үлесін қосуы қажет.

Университет қауымдастығының қоғамдағы беделінің нығаюы, оқытушылары мен қызметкерлері абыройының асқақтауы жемқорлыққа қарсы әрекет етудегі үлесімен де өлшенеді.

Жемқорлықтың алдын алуда әрбір оқытушы, қызметкер:

- оқу орнының абыройын құрметтеуге;
- университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір заңсыз әрекеттен бас тартуға;
- оның атағы мен абыройына нұқсан келтіретін кез келген әрекетті

болдырмауға міндетті.

Оқу орнында жемқорлыққа жол беру университеттің профессор-оқытушылар қауымының және қызметкерінің мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады.

Университет оқытушылары мен қызметкерлері жемқорлыққа жол берсе, ҚР Қылмыстық кодексі бойынша жауапқа тартылып, заңсыз әрекеті үшін университет қауымдастығы алдында жауапты болады.

Білім беру үдерісінде және басқару жүйесінде жемқорлықтың алдын алуда төмендегі мәселелер қолға алынады:

- оқытушылар мен студенттер арасында сыбайлас жемқорлықты тудыратын жағдайларды (үлгермейтін студенттер, сабаққа келмегендер, оқу тәртібін бұзғандар) болдырмайтын үзіліссіз жұмыстар жүргізіледі.

- жүйелі түрде сабаққа үлгере алмайтын студенттердің емтиханды «табысты» тапсырғаны туралы емтихан құжаттарын, емтиханды комиссияға тапсыру нәтижелері бақылауға алынады;

- емтихан алушы оқытушы мен емтихан тапсыратын студенттердің қарым-қатынасын шектеу қолға алынады;

- ПОҚ және қызметкерлер арасында аттестацияны және конкурсты өткізгенде, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасына назар аударылады;

- жемқорлыққа қатысы бар оқытушыларды ашық және жариялы түрде жазалау енгізіледі;

- қабылдау комиссиясының жұмысы және магистранттарды, докторанттарды қабылдау кезіне қатаң бақылау жүргізіледі;

- жатақханалардағы орындарды бөліп беру жұмысы деканат, студенттер мен ата-аналар арасында жариялылық, ашықтық принциптері бойынша бақылауға алынады;

- сырттай бөлімде оқитын студенттердің сессия тапсыруы қатаң қадағаланады;

- мемлекеттік сатып алу жоспарының ҚР заңдарының аясында жүзеге асырылуы қатаң қадағаланады.

2.2 Жемқорлыққа қарсы оқу орнымыздағы жастар ұйымдарының әрекет етуі

Мемлекеттің болашағын бүгінгі жастарына қарап бағамдау – бұрыннан бар тәсіл. Еліміздің болашағы саналатын жастарымыз отансүйгіш, белсенді, білімді, бәсекеге қабілетті болса, мемлекетіміздің де келешегі кемел болары сөзсіз. 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруді мақсат еткен Елбасы Жолдауында да жастарға артылар жауапкершілік жүгі мол.

Сондықтан жастар елдің жаңа бет-бейнесін жасап, жаңа идеяларды ұсынуға және Қазақстанды жаңартудың негізгі қозғаушы күші болуға тиіс.

Жастардың азаматтық белсенділігі, отансүйгіштік сезімі өз елінің дамуына, гүлденіп, өркендеуіне жанашырлықпен қарауымен өлшенеді. Әсіресе, жемқорлықтың тамырын жоюда белсенділікпен атсалысып, өз болашақтарының жарқын болуына жол ашуда жастардың азаматтық белсенділігі қажет етіледі.

Оқу орнымызда жемқорлықтың алдын алу шараларын жүзеге асыруда жастар ұйымдарының белсенді әрекетіне қолдау көрсетіледі және олардың студенттік ортаға ықпал етуіне үлкен мән беріледі.

Оқу орнымыздағы жастар ұйымдары:

- жастар арасында пара беріп білім алудың жағымсыз құбылыс екендігін насихаттауға атсалысуға;

- сессия кезінде жастар ұйымдары атынан қоғамдық бақылауды күшейтуге;

- сыбайлас жемқордың жағымсыз бейнесін қалыптастыру бағытында іс-шараларды ұйымдастыруға;

- сыбайлас жемқорлық көздерінің пайда болу себептерін зерттеп, мәселелердің пайда болуының алдын алу бойынша ұсыныстар беруге құқылы.

Қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру мақсатында пікір алысу диспуттарын, акциялар және науқандар өткізіп, белсенділік таныта алады.

III. Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ Жемқорлықтың алдын алу бағытында ұйымдастырылатын іс-шараларының кешенді ЖОСПАРЫ

Р\С	Іс-шаралар мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Орындалуы туралы белгі
1	Жемқорлықтың алдын алу бағытында құқық қорғау мекемелерімен байланыс орнату, бірлескен нақты іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	ТЖЖ департамент директоры Б.С. Иманғалиев, барлық факультет декандары	

2	Әрбір кафедра, факультетте жемқорлықтың алдын алу жоспарын жасау, жиналыстар өткізу	Қысқы, жазғы сессия алдында	Факультеттер, кафедралар	
3	Қысқы, жазғы сессиядан кейін автоматтандырылған «PLATONUS» жүйесінде жемқорлықтың алдын алу мақсатында студенттердің қатысуымен электронды сауалнама өткізу	Жоспар бойынша	ТЖЖ департамент директоры Б.С. Иманғалиев, Студенттік Парламент, Университеттегі Жас Отан жастар қанатының бөлімшесі	
4	ПОҚ және қызметкерлермен ҚР Әкімшілік заң бұзушылық кодексі, ҚР Қылмыстық кодексінің жауапкершілігі бойынша кездесулер өткізу	Жоспар бойынша	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Әбдіров А.М.	
5	Әр факультетте сессия алдында жемқорлықтың алдын алу мақсатында ұжымдық кездесу өткізу	Сессия алдында	Факультет декандары	
6	Студенттерді жемқорлық әрекеттердің алдын алу бағытындағы университеттік жүйе туралы ақпараттандыру (Басқарма	Қысқы, жазғы сессия алдында	ТЖЖ департамент директоры Б.С. Иманғалиев, барлық факультет декандары	

	төрағасының кабылдау күні және жеке блогы туралы; университеттегі сенім телефоны туралы; факультеттердегі емтихан сессиясын тексеру комиссиясының жұмысы жайында)			
7	Барлық факультетте емтихан сессиясын тексеру комиссиясының жұмысын ұйымдастыру, қадағалау	Қысқы, жазғы сессия кезінде	АМД директоры Серекпаев Н.А.	
8	Қысқы және жазғы сессия алдында әр факультеттің хабарландыру тақтайшасында жемқорлықтың алдын алуға байланысты мәліметтерді ілу	Қысқы, жазғы сессия кезінде	ТЖЖ департамент директоры Б.С. Иманғалиев, барлық факультет декандары	
9	Дамыған мемлекеттердегі оқу орындарының жемқорлықсыз орта қалыптастыруға бағытталған озық үлгілерін, жаңашылдығын енгізе отырып, оқу үдерісінде жемқорлық әрекеттерді	Жоспарға сәйкес	Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент	

	болдырмаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру			
10	Сыбайлас жемқорлық ұғымын, сыбайлас жемқорлықтың орын алу фактілері кездескен жағдайда азаматтардың әрекет ету тәртібін, сондай-ақ мұндай фактілерге астыртын болысқаны үшін топ старосталарының жауапкершілігін түсіндіретін жадынамалар әзірлеу	Жоспарға сәйкес	ТЖЖ департамент директоры Б.С. Иманғалиев	
11	2015 жылдан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапкершілікті қалыптастыру үшін «Құқық негіздері» оқу пәніне дәрістер енгізу	Қыркүйек, 2015	Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті, Экономикалық теория және құқық кафедрасы	
12	Әр факультеттің жемқорлық деңгейі бойынша жария рейтингісін шығару	Жоспарға сәйкес	Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент	
13	Онлайн-портал жүйесі арқылы жемқорлықтың алдын алу мақсатында өткізілетін іс-шараларды жетілдіру	Үнемі	Рақымжанов М.Н., Ақпараттық технологиялар департаменті	
14	Жастар ұйымдарының қоғамдық бақылауын күшейту	Үнемі	ЖІЖК, Студенттік Парламент	

15	Жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылған іс-шаралар бойынша Басқарма отырысында есеп беру	Жоспарға сәйкес	Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Құсайынова	
----	--	-----------------	---	--